«№1 Хромтау орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама № 2

Өткізілген күні: 26.04.2023жыл
Қатысқандар: кеңес мүшелері,
мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:
1. Білім алушылардың жазғы демалысын, «Жазғы мектеп» жұмысын ұйымдастыру .
2. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу .
3. ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығымен таныстыру.

Қаралды:
I -мәселе бойынша -директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Жақсылық Ф.: Жазғы мектеп жағдайында үлгерімі төмен білім алушыларға күрделі пәндерді (күрделі тақырыптарды) игеруге көмектесу маңызды. Осы орайда бүгінгі таңда жұмыс жоспары құрылып, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жазғы мектеп ата-аналардың өтініштері бойынша ұйымдастырылады.

Лагерь – кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанындағы алаң ұйымдастыру жоспарлануда.Сонымен қатар оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сурет байқауы,5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білеміз бе?» тақырыбында қабырға газеттері,буклеттер конкурсы өткізілді.1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді.Видеороликтер,презентациялар көрсетілді.Сонымен қатар оқу жылы басында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу бойынша жұмыс жоспары жасалынып,бекітілді.7-11класс оқушылары үшін тақырып аясында дөңгелек үстел,дәріс сабақтар, тәрбие сағаттары өтілуде.Кешкі мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін болдырмау мақсатында рейд жүргізілді.Рейд барысында оқыс оқиғалар орын алған жоқ. Дегенмен ата-аналарға түнгі уақытта,беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертіліп айтылады.

II -мәселе бойынша директордың оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары Мырзабаева Ж.Е. :
Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

1) 9 сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;
2) 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

36. 1-8 , 10 сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.
Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.
Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген 11 сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

ІІІ-мәселе бойынша кеңес төрағасы Байгельдина Г:
ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығымен қоса беріліп отырған 2-қосымшаға сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен» таныстырды.

Шешім қабылданды:

1. «Жазғы мектеп» жұмысы және білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, бекітілсін;
2. Білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттаудан өткізу жұмыстары бақылансын;